

Бастау ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебінің педагогикалық кеңесінің №1 хаттамасы.

06.01.2023ж.

Қатысқандар-18

Күн тәртібі:

1. Нормативтік құжаттардың талаптарын орындау, педагогикалық кеңестің шешімдері мен ұсынымдарын орындау.

Мектеп директордың м.а. Харахыз Б.

2. «Білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында мұғалімдердің жұмысын жетілдіру»

Оқу ісінің меңгерушісі Бекей А.

3. ІІ тоқсандағы оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуының салыстырмалы мониторингі.

Пән мұғалімдері

4. Аудандық олимпиаданың қорытындылары.

Оқу ісінің меңгерушісі Бекей А.

5. Сыныптық-жалпылама бақылау қорытындысы бойынша

Педагог-психолог Мусайф Ж.

6. 10 сыныптағы оқу-тәрбие процесін талдау

Салыстырмалы мониторинг және математикалық цикл пәндерін оқыту жағдайы

Оқу ісінің меңгерушісі Бекей А.

7. Сынып жетекшілерінің І жарты жылдықтағы жұмыс жоспарының орындалуын талдау

8. «Жас Ұлан» БҚҰЖ мүшелерінің Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі жұмысы.

Тәрбие ісінің меңгерушісі Азимхан Б.

**1.1 Тыңдалды.** Нормативтік құжаттардың талаптарын орындау, педагогикалық кеңестің шешімдері мен ұсынымдарын орындау.

**1.2 Сөйледі.** Мектеп директорының міндетін атқарушы Харахыз Бахытгуль өз сөзінде нормативтік құжаттардың талаптарын орындау, педагогикалық кеңестің шешімдері мен ұсынымдарын орындау туралы айтып өтті.

**1.3 Қаулы етті.** Нормативтік құжаттар талаптары орындалсын.

**2.1 Тыңдалды.** «Білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында мұғалімдердің жұмысын жетілдіру»

**2.2 Сөйледі.** Оқу ісінің меңгерушісі Бекей Айнұр сөз сөйледі. «Білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында мұғалімдердің жұмысын жетілдіру» Білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында әр мұғалім жан-жақты жұмыс жасау керек. Жұмысты жетілдіру мақсатында педагогтар жаңартылған білім беру жүйесіне сай біліктілікті арттыру курсынан өту.

**2.3 Қаулы етті.** Әр пән мұғалімі білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында жұмысын жетілдірсін.

**3.1 Тыңдалды.** II тоқсандағы оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуының салыстырмалы мониторингі.

**3.2 Сөйледі.** II тоқсан бойынша әр сынып жетекшілер мен пән мұғалімдері сөз сөйледі. Әр сыныптың сынып жетекшілері өздерінің сыныбы бойынша мониторинг жасап сөз сөйледі. Әр сыныптың оқу үлгерімі жақсы, сабақтан себепсіз қалып жүрген оқушылар жоқ деген мәліметтер берді.

**3.3 Қаулы етті.** Әр тоқсан соңында оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуы туралы мониторинг жүргізілсін.

**4.1 Тыңдалды** Аудандық олимпиаданың қорытындылары.

**4.2 Сөйледі.** Оқу ісінің меңгерушісі Бекей Айнұр аудандық олимпиаданың қорытындыларымен таныстырып, пән мұғалімдеріне олимпиадаларға белсенді қатысу керек екенін айтып түсіндірді. Мектептің 8 сынып оқушысы Нұрболат Мақпал аудандық, облыстық олимпиадаларға қатысып жүлделі орындар алғанын, сондай-ақ Наурызбай Инкар, Серикова Дильназда жыл сайын олимпиадаға қатысатынын айтты.

**4.3 Қаулы етті.** Олимпиадаларға жиі, көбірек қатыссын.

**5.1 Тыңдалды.** Сыныптық-жалпылама бақылау қорытындысы бойынша

**5.2 Сөйледі.** Мектептің педагог-психологы Мусайф Жанар сыныптық-жалпылама бақылау қорытындысы бойынша таныстырып өтті. Сыныптардың жалпылама бақылау қорытындысы нәтижесі жаман деп айталмаймын, себебі барлығы ойдағыдай жақсы өтті.

**5.3 Қаулы етті.** Сыныптық-жалпылама бақылау қорытындысы бойынша жұмыстар жалғастырылып, жүргізілсін.

**6.1 Тыңдалды.** 10 сыныптағы оқу-тәрбие процесін талдау. Салыстырмалы мониторинг және математикалық цикл пәндерін оқыту жағдайы

**6.2 Сөйледі.** Оқу ісінің меңгерушісі Бекей Айнұр 10 сыныпта 10 оқушы олардың оқу-тәрбие процесі бойынша жүйелі жүргізіліп жатқанын айтып, оқушылардың әр қайсысымен жеке сөйлесіп оқу-тәрбие процесі бойынша жұмыстар атқарылғанын айтып, математикалық цикл пәндерінің

мұғалімдерімен сөйлесе отырып көптеген жұмыстар атқарылғанын айтып өтті. Пән мұғалімдері өз сабақтарында тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану мақсатында оқушыларға тиімді білім беруді көздеді-дей кетті өз сөзінде.

**6.3 Қаулы етті.** 10 сыныптың оқу-тәрбие процесі жүйелі жүргізілсін

**7.1 Тыңдалды.** Сынып жетекшілерінің I жарты жылдықтағы жұмыс жоспарының орындалуын талдау

**7.2 Сөйледі.** Мектептің тәрбие ісінің менгерушісі Азимхан Бахытгуль сынып жетекшілерінің I жарты жылдықтағы жұмыс жоспарының орындалуына талдау жасады. Сынып жетекшілер I жартыжылдықтағы жұмыс жоспарына сай жұмыс атқарғанын атап өтті.

**7.3 Қаулы етті.** Жылдық жұмыс жоспары дұрыс жүргізілсін

**8.1 Тыңдалды.** «Жас Ұлан» БҚҰЖ мүшелерінің Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі жұмысы.

**8.2 Сөйледі.** Мектептің тәрбие ісінің менгерушісі Азимхан Бахытгуль «Жас Ұлан» БҚҰЖ мүшелерінің Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі жұмысы туралы айтты. Тәлімгер Байболат Мейрам «Жас Ұлан» БҚҰЖ мүшелерімен тығыз жұмыс жасап, олармен аудандық жарыстарға белсене қатысқанын айтты. «Жас Ұлан» БҚҰЖ мүшелері өткен әр бір іс-шараға бей-жай қарамай, аса үлкен жауапкершілікпен атқаратынын да жасырмады.

**8.3 Қаулы етті.** «Жас Ұлан» БҚҰЖ мүшелерінің Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі жұмысы жүргізілсін.



*[Signature]* Харахыз Б.

*[Signature]* Бекей А.

Бастау ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебінің педагогикалық кеңесінің №2 хаттамасы.

23.03.2023ж.

Қатыскандар-18

Күн тәртібі:

1. Нормативтік құжаттардың талаптарын орындау, педагогикалық кеңестің шешімдері мен ұсынымдарын орындау.  
Мектеп директордың м.а. Харахыз Б.
2. «Қазіргі замандағы мектеп және мұғалім қандай болуы керек»  
Мектеп педагог-психологы Мусайф Ж.
3. III тоқсандағы оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуының салыстырмалы мониторингі.  
Оқу ісінің меңгерушісі Бекей А.
4. 4,9 сыныптарда ББЖМ-не дайындық  
ӘБ жетекшісі.
5. Салыстырмалы мониторинг және гуманитарлық цикл пәндерін оқытудың жай-күйі.

Пән мұғалімдері

**1.1 Тыңдалды.** Нормативтік құжаттардың талаптарын орындау, педагогикалық кеңестің шешімдері мен ұсынымдарын орындау.

**1.2 Сөйледі.** Мектеп директорының міндетін атқарушы Харахыз Бахытгуль өз сөзінде нормативтік құжаттардың талаптарын орындау, педагогикалық кеңестің шешімдері мен ұсынымдарын орындау туралы айтып өтті. Құрылған жұмыстар жоспар бойынша жүргізілгенін айтып өтті.

**1.3 Қаулы етті.** Нормативтік құжаттар талаптарға сай өткізілсін.

**2.1 Тыңдалды.** «Қазіргі замандағы мектеп және мұғалім қандай болуы керек»

**2.2 Сөйледі.** Мектеп педагог-психологы Мусайф Жанар «Қазіргі замандағы мектеп және мұғалім қандай болуы керек» тақырыбында педагогтармен тренинг өткізді. Педагогтардан қазіргі заманда мұғалімдер қандай болу керек деген сұраққа жауап алды. Әр мұғалім өздерінің түсінігі бойынша айтып, педагог-психолог қызықты тренинг жүргізді.

**2.3 Қаулы етті.** Мектеп психологы құрылған жоспар бойынша жұмыстар жүргізілсін.

**3.1 Тыңдалды.** III тоқсандағы оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуының салыстырмалы мониторингі.

**3.2 Сөйледі.** Оқу ісінің меңгерушісі Бекей Айнұр III тоқсандағы оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуының салыстырмалы мониторингі туралы айтты. Өз сөзінде үздік деп 23, екпінді деп 34 оқушы, білім сапасы 64 пайызды құрайтынын айтты. Жалпы сыныптар бойынша 2 сынып-71, 3 сынып-71, 4 сынып-76, 5 сынып-80, 6 сынып-62, 7 сынып-55, 8 сынып-75, 9 сынып-50, 10 сынып-75, 11 сынып-75 құрады.

**3.3 Қаулы етті.** 7 сыныптың білім сапасын көтеруді қолға алып, жұмыс жасау.

**4.1 Тыңдалды.** 4,9 сыныптарда ББЖМ-не дайындық

**4.2 Сөйледі.** ӘБ жетекшісі мен оқу ісінің меңгерушісі мектепте 4,9 сыныптарда ББЖМ-не дайындық электронды және қағаз жүзінде дайындықтар жүргізіліп жатқаны туралы айтты. Пән мұғалімдері жеке папка ашып әр оқушыға берген тапсырмаларды орындауын қадағалап, дайындықтарын бақылап отырду. Сонымен қатар қосымша тапсырмалар да беріліп отыратынын айтып, ББЖМ-не дайындық жұмыстары жүйелі жүргізіліп тұратынын айтып өтті.

**4.3 Қаулы етті.** ББЖМ-не дайындық үнемі жүргізілсін

**5.1 Тыңдалды.** Салыстырмалы мониторинг және гуманитарлық цикл пәндерін оқытудың жай-күйі.

**5.2 Сөйледі.** Пән мұғалімдері Хамбар Сайрагуль, Кенжебаева З.Қ. Габбасова Б.С., Ерболат Т., Байболат М., Хурамхаз Ж. Өз пәндерінің оқыту жайы туралы әр мұғалім айтып, түсіндірді. Қазақ тілі-74, орыс тілі-75, ағылшын тілі-76, Қазақстан тарихы-70 пайызды құрайтынын айтып, оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізгенін айтып өтті.

**5.3 Қаулы етті.** Оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізілсін.



*Handwritten signature*

Харахыз Б.

*Handwritten signature*

Бекей А.

Бастау ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебінің педагогикалық кеңесінің №3 хаттамасы.

29.05.2023ж.

Қатысқандар-18

Күн тәртібі:

1. Нормативтік құжаттардың талаптарын орындау, педагогикалық кеңестің шешімдері мен ұсынымдарын орындау.  
Мектеп директорының м.а Харахыз Б.
  2. «Жаңа білім беру технологиялары.Отбасы және мектеп: тиімді қазіргі жағдайдағы ынтымақтасты» рухани-адамгершілік және отбасылық тәрбие бойынша жұмыс жағдайы.  
Тәрбие ісінің меңгерушісі Азимхан Б.  
Сынып жетекшілер
  3. 4,9 сыныптардағы ББЖМ нәтижелерін талдау
  4. 4 тоқсандағы оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуының салыстырмалы мониторингі.  
Оқу ісінің меңгерушісі Бекей А.
  5. 1-8, 10 сынып оқушыларын келесі сыныпқа. ауыстыру туралы
  6. 9,11 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға жіберу туралы.  
Мектеп директорының м.а Харахыз Б.
  7. Жазғы демалысты ұйымдастыру  
Тәрбие ісінің меңгерушісі Азимхан Б.
- 1.1. Тыңдалды.** Нормативтік құжаттардың талаптарын орындау, педагогикалық кеңестің шешімдері мен ұсынымдарын орындау.
- 1.2.Сөйледі.** Мектеп директорының міндетін атқарушы Харахыз Бахытгуль өз сөзінде нормативтік құжаттардың талаптарын орындау, педагогикалық кеңестің шешімдері мен ұсынымдарын орындау туралы айтып өтті.
- 1.3Қаулы етті.** Нормативтік құжаттардың талаптары орындалсын.
- 2.1. Тыңдалды.** «Жаңа білім беру технологиялары.Отбасы және мектеп: тиімді қазіргі жағдайдағы ынтымақтасты» рухани-адамгершілік және отбасылық тәрбие бойынша жұмыс жағдайы.
- 2.2.Сөйледі.** Тәрбие ісінің меңгерушісі Азимхан Бахытгүл өз сөзінде «Жаңа білім беру технологиялары.Отбасы және мектеп: тиімді қазіргі жағдайдағы ынтымақтасты» рухани-адамгершілік және отбасылық тәрбие бойынша жұмыс жағдайы тақырыбында тәрбие сағаттарының көбірек жүргізілуі туралы айтып өтті. Оқушының жас ерекшеліктеріне сай жұмыстар жүргізіліп, сынып жетекшілер сыныптан тыс іс-шаралар өткізгені туралы айтты.



**2.3 Қаулы етті.** Сыныптан тыс іс-шаралар такырыпқа сай, үнемі өтілу керек.

**3.1. Тыңдалды.** 4,9 сыныптардың ББЖМ нәтижелерін талдау.

**3.2. Сөйледі.** 4,9 сыныптарда ББЖМ-не дайындық электронды және қағаз жүзінде дайындықтар жүргізіліп жатқаны туралы айтты. Пән мұғалімдері жеке папка ашып әр оқушыға берген тапсырмаларды орындауын қадағалап, дайындықтарын бақылап отырды. Сонымен қатар қосымша тапсырмалар да беріліп отыратынын айтып, ББЖМ-не дайындық жұмыстары жүйелі жүргізіліп тұратынын айтып өтті. ББЖМ нәтижесі жаман емес.

**3.3. Қаулы етті.** ББЖМ дайындық үнемі жүргізу.

**4.1 Тыңдалды.** 4 тоқсандағы оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуының салыстырмалы мониторингі.

**4.2 Сөйледі.** Оқу ісінің меңгерушісі Бекей Айнұр III тоқсандағы оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуының салыстырмалы мониторингі туралы айтты. Өз сөзінде 4 тоқсан нәтижесі бойынша үздік деп 21, екпінді деп 36 оқушы, білім сапасы 68 пайызды құрайтынын айтты. Өткен тоқсан мен салыстырғанда 4 % артқанын айтты. Жалпы сыныптар бойынша 2 сынып-71, 3 сынып-71, 4 сынып-70, 5 сынып-80, 6 сынып-63, 7 сынып-66, 8 сынып-75, 9 сынып-50, 10 сынып-70, 11 сынып-75% құрады.

**4.3 Қаулы етті.** 10 сыныптың білім сапасын 50% көтеруді қолға алып, жұмыс жасау.

**5.1 Тыңдалды.** 1-8, 10 сынып оқушыларын келесі сыныпқа ауыстыру туралы.

**5.2 Сөйледі.** Мектеп директорының м.а. Харахыз Б. «Атбасар ауданы білім бөлімінің» ММ 2023 жылдың 13 сәуір айындағы №02-03/210 бұйрығы, Бастау ауылының №2 ЖОББМ 2023 жылдың 14 сәуір айындағы №56 бұйрығына сәйкес, 2023 жылдың 30 мамыр айындағы педагогикалық кеңестің шешімі және нұсқауы бойынша 1-8, 10 сынып оқушылары келесі сыныпқа көшірілгендігі туралы бұйрықпен таныстырды.

**5.3 Қаулы етті.** Бұйрықты жүзеге асыру.

**6.1 Тыңдалды.** 9,11 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға жіберу туралы.

**6.2 Сөйледі.** 9,11 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға жіберу туралы. Оқу ісінің меңгерушісі Бекей А. 2022-2023 оқу жылының қорытынды аттестаттау жоспарымен таныстырды. 9 сыныптың қорытынды аттестаттауы 4 пәнде өтетінін айтты. (қазақ тілі, орыс тілі, алгебра, география) таңдау пәні география екенін айтып өтті. Ал 11 сынып оқушылары 5 пәннен қорытынды аттестаттаудан өтеді (қазақ тілі, орыс тілі, алгебра, Қазақстан тарихы, биология). Дайындық, консультациялары жүргізіліп жатқанын да айтып өтті.

6.3. Қаулы етті. Құрылған кесте бойынша жұмыстар жалғастырылсын.

7.1 Тыңдалды. Жазғы демалысты ұйымдастыру.

7.2 Сөйледі. Тәрбие ісінің меңгерушісі Азимхан Б. Сөз сөйледі. Өз сөзінде «Жаз -2023» атқарылатын жұмыстарымен таныстырды. Мектеп жанындағы алаңқай 5 ауысымнан, көгалдандыру және көркейту жұмыстары жүргізілетіні туралы айтты.

7.3 Қаулы етті. «Жаз -2023» құрылған жұмыс жоспары бойынша жүргізілсін.



Төрайымы

Хатшы

Харахыз Б.

Бекей А.



Бастау ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебінің педагогикалық кеңесінің №4 хаттамасы.

02.06.2023ж.

Қатыскандар-18

Күн тәртібі:

1. Нормативтік құжаттардың талаптарын орындау, педагогикалық кеңестің шешімдері мен ұсынымдарын орындау.

Мектеп директорының м.а. Харахыз Б.

2. «Неізгі орта мектеп түлектеріне қорытынды аттестаттауды өткізу туралы»  
«Жалпы орта мектеп түлектерін мемлекеттік аттестаттаудан өткізу туралы». Емтихан тапсыру қорытындылары

Оқу ісінің меңгерушісі Бекей А.

**1.1 Тыңдалды.** Нормативтік құжаттардың талаптарын орындау, педагогикалық кеңестің шешімдері мен ұсынымдарын орындау.

**1.2 Сөйледі.** Мектеп директорының міндетін атқарушы Харахыз Бахытгуль өз сөзінде нормативтік құжаттардың талаптарын орындау, педагогикалық кеңестің шешімдері мен ұсынымдарын орындау туралы айтып өтті.

**1.3 Қаулы етті.** Нормативтік құжаттар талаптары орындалсын.

**2.1 Тыңдалды.** 2022-2023 оқу жылындағы 9-11 сынып оқушыларына негізгі, жалпы білім беру курсы бойынша (қорытынды аттестаттауға) емтиханға жіберу туралы.

**2.2 Сөйледі.** Оқу ісінің меңгерушісі Бекей Айнұр өз сөзінде биылғы оқу жылында 9 сыныпты-10 оқушы, 11 сыныпты 4 оқушы бітіретіндігін айтты. Құрылған кесте бойынша 9-11 сынып оқушыларының емтихан тапсыратыны туралы тоқталып өтті. Қорытынды аттестаттаудан босатылатын оқушының жоқ екендігін айтты.

**2.3 Қаулы етті.** 9-11 сынып оқушылары қорытынды аттестаттау емтиханына жіберілсін.



Харахыз Б.

Бекей А.